

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 - летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Б.2 - Б.165-168

ІШКІ КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАЛАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Амерханова И.Қ.

Көші-қон мәселелерін құқықтық реттеудің негізі 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарға және халықаралық шарттарға сәйкес көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға кепілдік беру; ұлттық мүддені қорғау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін ұштастыру; пайдаланылатын ақпараттың жаңартылуы және бірнеше рет қайталануы негізінде көші-қон процестерін реттеудің ашықтығы; мемлекетке көшіп келудің әрқилы түрлерін реттеудегі сараланған тәсілдер қолданылуда. [1]

Егемендік жылдары Қазақстанда көші-қон процестерін реттеу үшін төмендегідей нормативтік-құқықтық актілер қабылданды: Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы "Азаматтық туралы" Заңы ҚР азаматтығы туралы мәселелерді реттейді, Қазақстан Республикасының "көшіп келу туралы" Заңы (1992 ж., қазіргі таңда күші жойылды), Көшіп келушілердің паспорттарын тіркеу, қабылдаушы тұлғалардың өздеріне келген көшіп келушілер туралы ақпаратты беру, көші-қон карточкаларын жасау және беру, көшіп келушілердің орын ауыстыру, шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жерлерге (аумақтарға) көшіп келушілердің келу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың транзиттік жол жүру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы бұйрығы қоланыста. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы; "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңы, "Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі Жарлығы (Президенттің 2006 жылғы 10 қазандағы Жарлығымен енгізілген өзгерістермен); "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі Жарлығы (ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 23 тамыздағы бұйрығымен күші жойылды); «Шетелдіктердің

Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері» ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы қаулысы 2012 жылғы 21 қаңтарда күші жойылды. 2016 жылы 6 сәуірде қабылданған "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және басқалары. 2011 жылы қабылданған Бағдарлама «Нұрлы Көш» көші-қон үрдісін, елдің демографиялық жағдайын мемлекеттік реттеуге бағытталып, қабылдаушы тараптардың мүмкіншіліктері мен этникалық мигранттардың мүддесін сәйкестіруге арналғанмен бір жылдан кейін тоқтатылды. Бұл бағдарлама толыққанды болмауынан және бюджеттік қаржының тиімсіз жұмсалуды салдарынан Елбасы тәрпынан және оралмандардан, жалпы қоғамнан үлкен сынға ұшырады.

Қазақстандағы көші-қон саласындағы қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық акт "Халықтың көші-қоны туралы" Заң болып табылады.

"Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңның 6 бабына сәйкес, Шетелдіктер Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттары белгілеген негіз бен тәртіпте Қазақстан Республикасында еңбек қызметімен шұғылдана алады. Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек ету бостандығына конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында заң актілерімен шетелдіктердің Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы жөніндегі шектеулер белгіленуі мүмкін деп көрсетілген. [2]

ҚР Еңбек Кодексінде шетелдік және жергілікті қызметкерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі қарастырылған. Конституцияда адамның мынадай ажырамас құқықтары мен бостандықтары бекітілген: заңда айтылған жағдайлардан басқа, Қазақстан аумағы бойынша еркін жүріп – тұру және тұрғылықты жерді еркін таңдау құқығы; Республикадан тыс жерлерге шығу құқығы, ал оның азаматтары үшін-Қазақстан Республикасына кедергісіз оралу құқығы (21-баптың 2-тармағы). Сондай-ақ, егер Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, және де міндеттер атқарады деп бекітеді (4-тармақ, 12-бап). ҚР Конституциясы әркімнің еңбек бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар екеніне кепілдік береді. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі (24-бап, 1-тармақ,). [3]

Аталған конституциялық ережелер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде өз жалғасын тапты. Еңбек кодексінің 6-бабына сәйкес «Ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды» деп көрсетілген. Яғни Қазақстан

Республикасының әр бір азаматы мемлекеттің тарапынан ерекше әлеуметтік қамқорлық пен құқықтық қорғауды сезіне алады деуге болады. Конституцияға, заңдарға және халықаралық шарттарға сәйкес көшіп-қонушы еңбекшілердің кепілдігін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мемлекетіміз қамтамасыз етеді. Ал іс жүзінде ҚР Еңбек кодексінің 26 бабының 4 тармағында «Шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсатын не халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен шетелдік жұмыскерлерге өз бетінше жұмысқа орналасу үшін берілген біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтаманы алғанға дейін не Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдары еңбекші көшіп келушіге беретін рұқсатты алғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе ерекшеліктерді сақтамай, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен еңбек шартын жасасуға жол берілмейді» - деп белгіленген.

Заң бойынша жұмыс уақыты бізде аптасына 40 сағатты құрайды, табыс табу мақсатында келген жұмысшылар үшін бұл уақытты асыра пайдаланатыны да сөзсіз, уақытында демалысқа шықпай, уақытында тамақтанбайтын қызметкерлер үшін денсаулық мәселесі де алаңдатушылық туғызады. Яғни заңсыз жұмысқа орналасқандар үшін еңбек уақыты, еңбек демалысы, қауіпсіздігі, тіпті жалақысының толық берілуі де дұрыс сақталмайтындығы анық. Сондықтанда әр-бір көшіп-қонушылардың құқықтық мәртебесін дұрыс қадағалап, реттелетін болса бұндай келеңсіздіктердің алдын алуға болады. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі көшіп-қонушылардың тіркелу бойынша міндеттерді орындауын бақылау айтарлықтай күшейді. Қазіргі уақытта тіркеу рәсімін жеңілдету бойынша одан арғы жүйелі шаралар қабылдануда, бұл әкімшілік кедергілерді төмендетуге және көші-қон процестерінің айқындылығын арттыруға тиіс.

Стратегиялық және бағдарламалық бастамалар шеңберінде ел азаматтарын қоныс аударуға ынталандыруға және оны реттеуге бағытталған шаралар қолданылды, алайда мұндай қоныс аудару үнемі тар шеңберлі сипатта болды. [4]

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты әлеуметтік жоба шеңберінде «Серпін – 2050» білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Негізі бұл жобаның екі маңызды тұсы бар. Біріншісі - экономикалық. Қазіргі таңда еліміздің 9 өңірінде бала туу деңгейі төмен және сыртқы жаққа көшіп-қону басым болғандықтан, кадр тапшылығы сезіле бастады. Бұл мәселенің өзектілігі жылдан-жылға ушығып барады. Алдағы жылдарда индустриялы инновациялық бағдарлама аясында іске қосылатын өндірістерде жұмыс күшінің тапшылығы айырықша байқалады. «Серпін-2050» жобасы арқылы сол өңірлерге халық саны көп облыстардан жастарды әкеліп, жергілікті оқу орындарында қажет мамандықтар бойынша білім беріп, сол жерде жұмысқа қалдыру арқылы кадр мәселесін шешу. Екінші маңызы -әлеуметтік проблемаларды шешу. Бағдарлама мақсаты – студенттерге білім берумен қатар, осы жерге тұрақтандыру, жұмысқа орналастыру.

2017 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулермен алғаш рет азаматтардың қоныс аударуын реттеудің толыққанды жүйесі бекітілді. Халықтың еңбек күші аз өңірлерден еңбек нарығының даму әлеуеті жоғары өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуын экономикалық ынталандыру арқылы халықтың қоныстануындағы диспропорцияны түзету саясатына бастама жасалды. [5]

Сонымен, көші-қон туралы қолданыстағы заңнамаларды талдай келе қолданыстағы жүйесіндегі кейбір кемшіліктері анықталды:

1. Қолданыстағы заңнамада көші-қон қызметіне қатысты қатаң талаптар жоқ, бұл елдегі көшіп-қоншылардың жүйелі түрде қоныс аударуға және ішкі көші-қон ағынының ұлғаюына байланысты ішкі көші-қон мен жұмыссыздық жағдайында қосымша шиеленіс тудырады.

2. Елге оралу, азаматтығын алу рәсімдері мен шарттары тым күрделі, көп сатылы және бюрократиялық болып табылады, осылайша репатриациялау саясатының басқа да оң аспектілерін насихаттайды.

Жоғарыда аталған барлық проблемалар этникалық мигранттардың тұрғылықты жеріндегі әлеуметтік шиеленістерге және олардың арасында наразылық көңіл-күйінің көтерілуіне алып келеді, осылайша олардың кез-келген қызметпен айналысуға деген ықыласын төмендетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, - Алматы. - 1995.

2. "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19.06.1995 ж.

3. ҚР Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж.

4. Maira Sh. BAUER Development Problems of Social Entrepreneurship in Kazakhstan Call for Papers Volume IX, Issue 5(35), Fall 2018 Journal of Advanced Research in Law and Economics

5. Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы (2017 жылғы толықтырулар мен өзгерістер енгізілді)